


МЕРЕКЕЛІК СҰХБАТ

АРҚА - ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ АЖАРЫ, ҰЛТЫМЫЗДЫҢ АЙБАРЫ ДЕСЕК, ЖАҢААРҚА - ҰЛТ РУХЫНЫҢ ЖАЙЛАУЫ. ЖАЗИРА ДАЛАНЫ ЖАЙЛАҒАН ЖАҚСЫЛАР МЕН ЖАЙСАҢДАРДЫҢ, ҰЛЫ МҰРАТ ЖОЛЫНДА ТЕР ТӨККЕН ТЕКТИЛЕРДІҢ 131 ЖАТЫР БҰЛ ДАЛАДА. САРЫСУ МЕН МАНАҚА ӨЗЕНДЕРІ КЕШЕГІ САЙДАЛЫ САРЫ ТОҚА ДОМБЫРАСЫНЫҢ ҚОСІШЕГІНДЕЙ КҮЙ ТӨГІЛДІРСЕ, СӨРТІНІҢ ҚАМЫС-ҚҰРАҒЫ ЫҚЫЛАС ҚОБЫЗЫНЫҢ САРЫНЫН ЖЕТКІЗЕДІ. МЫНА БІР КӨРІКТІ БЕЛДЕН КӨЗ ТАЙДЫРҒЫҢ КЕЛМЕЙДІ. ДӘЛ ОСЫ ҚЫРАТҚА БАЙДАЛЫ БИ ШАПАНЫН ЖАУЫП КЕТКЕНДЕЙ. ҚАРААҒАШ ОРМАНЫНДА КӨККЕ ШАНШЫЛҒАН ҚАРАҒАЙЛАР ӘЙГІЛІ НҰРБАЙ БАТЫРДЫҢ НАЙЗАСЫНДАЙ ЕЛЕСТЕП, ҚЫЗЫЛАҒАШТА ТЕЛҒОЗЫНЫҢ ШОҢЫ БИЛІК АЙТЫП ОТЫР. ИМАНАҚТЫҢ ЕТЕГІНЕН СӘКЕН АҚБОЗАТЫНЫҢ ДҮБІРІ ЕСТІЛСЕ, ҚАРАУЫЛТӨБЕДЕ АЛАШ РУХАНИЯТЫНЫҢ АБЫЗЫ АҚАҢ (АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК - РЕД.) ЖАТЫР КӨСІЛІП. АЛҒАБАСҚА АТ ШАЛДЫРСАҢЫЗ, АЛДЫҢЫЗДАН БАЛА БАҚСЫ ШЫҒЫП, АРАП ҚЫРЫНЫҢ ЕТЕГІНЕН ИГІЛІК ОМАРОВТЫҢ АСҚАҚ ҮНІ ҚҰЛАҚ ҚҰРЫШЫН ҚАНДЫРАДЫ. МЫНА ҚЫРДЫҢ БАСЫНДА ҚАЛАМҒЕР КӨКЕМ АСАН ЖҰМАДІЛДИН ОЙ КЕМІРІП, АНА ҚЫРДЫҢ ЕТЕГІНДЕ АРҚА ЖЫРЫНЫҢ АҚБЕРЕНІ САЙЛАУХАН НӘКЕНОВ ЖЫР ТОЛҒАЙДЫ.

ИӘ, ОСЫ БІР ҚАСИЕТТІ ТОПЫРАҚТА ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙРАТЫ (ҚАЙРАТ БАЙБОСЫНОВ - РЕД.) ӘН ТӨГІЛДІРІП, МАРҚҰМ ДҮЙСЕНБАЙ ЖҰМАСЕЙІТОВ ЖЫР ТӨККЕН. ҚОҢЫР КЕШТІ ҚОРАБАЙДЫҢ (ҚОРАБАЙ ЕСЕНОВ - РЕД.) ҚОҢЫР ҮНІ ӘНМЕН ТЕРБЕП, ЖАЙЛЫБАЙДЫҢ ҒАЛЫМЫ ҚАЗАҚ ЖЫРЫНЫҢ ҚҰДІРЕТІН ӘЛЕМДІК ПОЭЗИЯ ОРБИТАСЫНА ТУРА ОСЫ ТОПЫРАҚТАН АЛЫП ШЫҚҚАН. ЖАҢААРҚА ЖАМПОЗДАРЫНЫҢ ТІЗІМІН БІР СҰХБАТТЫҢ АЛҒЫСӨЗІНДЕ ТҮ-



Юржан
БЕКХОЖИН,
Жаңаарқа
ауданының
әкімі:



- Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында ел Үкіметіне «Ауыл - Ел бесігі» бағдарламасын қабылдауды тапсырған болатын. Игілікті бағдарлама қабылданып та үлгерді. Аталған бағдарламаның игілігін алғашқылардың бірі болып көру бақыты облысымыздағы үш аудан орталығына бұйырды. Соның бірі - Атасу кенті. Атасу ел бесігіне айнала ма?

- Айналады, әрине. Аталмыш жоба аясында Қарағанды облысында үш аудан орталығы - Ұлытау селосы мен Нұра, Атасу кентерінде үш бағытты қамтыған 26 жоба жүзеге асырылып жатыр. Соның 10 жобасы - бізге тиесілі. Бұл жобаның ең әуелгі игілігі - бүгінгі таңда жаңадан 47 жұмыс орны құрылғаны. Алдағы уақытта тағы 38 жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Сонымен қатар, жоба аясында бөлінген қаржыға кент

«ЖАҢААРҚА мен СӘКЕН - ЕГІЗ ҰҒЫМ»



ГЕСІП ШЫҒУ МҮМКІН ЕМЕС, ӘРИНЕ.

АЖАРЛЫ АРҚАДАҒЫ БАЗАРЛЫ МЕКЕН-
НІҢ БҮГІНГІ ТІЗГІНІ - БІЛІКТІ БАСШЫ,
ІСКЕР ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ ЮРЖАН
БЕКҚОЖИННІҢ ҚОЛЫНДА. ЕРТЕҢ -
ЖАҢААРҚАДА ДҮБІРЛІ ТОЙ. СҰҢҚАР
СӘКЕННІҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫ. ҺӘМ АУ-
ДАННЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫ. МЕРЕЙЛІ
СӘТТЕ АУДАН ӘКІМІНЕ ЖОЛЫҒЫП,
АТАУЫН ЖАҢААРҚА ДЕП СӘКЕН ҚОЙ-
ҒАН ҚҰТТЫ МЕКЕННІҢ БҮГІНГІ ТЫНЫС-
ТІРШІЛІГІ ТӨҢІРЕГІНДЕ БІРЕР САУАЛ
ЖОЛДАҒАН ЕДІК...

- Юржан Асанұлы, Сіз басқарып отыр-
ған Жаңаарқа ауданы - бүгінгі келісті
келбетімен ғана емес, кешегі терең тари-
хымен елең еткізіп, еріксіз назар аудар-
татын тарихи мекен. Қасиетті өлкенің екі
тізгін, бір шылбырын ұстау бақ шығар,
бірақ жауапкершілігі батпандай екені бел-
гілі. Сұхбатымызды дархан даланың дария
қазынасын ортайтпай, қария қадірін қа-
шырмау жолында атқарып жатқан жұмыс-
тарыңыздан бастасақ...

- Өзіңіз айтқандай, Жаңаарқа - тарихи
мекен. 1929 жылы Асанқайғы ауданы болып
ашылып, жаңа заманның әкімшілік-аумақтық
талабына бейімделген сәтінен басталған
дәуірін ғана мерейтойлық датаға икемдеп
отырмыз ғой. Ал, аудан тарихы тым әріден
басталады. Иә, ғасырлар қойнауынан керуен
тартқан өзіндік дәстүрі бар, сабақтастығы
салтанат құрған құтты мекен. Бір аудан то-
пырағының әр түйіршігінде бабалар аманаты
бар. Сол аманатқа адалдық танытуды басты
мақсат тұтып, шама-шарқымыз келгенше Жа-
ңаарқаны жаңғырту, жаңарту жолында еңбек
етіп жатырмыз. Бұл жерде ел басқарған әкім-
дердің іскерлігі емес, ауданның жағырапиялық
орналасу ерекшелігі мен экономикалық мүм-
кіндігін тілге тиек етуге тиіспіз.

Ең әуелі, аудан тоғыз жолдың торабына
орналасқан. Теміржол - экономиканың күре-
тамыры десек, біздің ең басты мүмкіндігіміз

осы күретамырдан бастау алады. Яғни, аудан
экономикасының тамырына қан жүгіртіп
тұрған - осы теміржол.

Өңірдің табиғаты мал шаруашылығына
қолайлы болғандықтан, аудан тұрғындарының
дені осы саладан нәпақа тауып отыр. Мәселен,
ауданымызда ата кәсібімізді жаңғыртып, жа-
зиралы жайлауда төрт түлігін өргізіп отырған
1 өндірістік кооператив, 3 ЖШС, 700-ден
астам шаруа қожалықтары бар. Олар өткен
жылы 22 млрд. теңгенің өнімін өндіріп, ау-
дан экономикасының еңселенуіне елеулі үлес
косты. Ауыл шаруашылығы өнімдерін экс-
порттау бойынша көш басындамыз деп айтуға
әбден болады. Мысалы, өткен жылы Біріккен
Араб Әмірліктеріне облыс бойынша алғашқы
болып біздің аудан қой етін экспорттады. Одан
бөлек, алыс-жақын шетелдерге 171 тонна
сиыр еті, 26 тонна қой еті экспортқа шыға-
рылды. Биылғы жылдың жоспарында 195 тон-
на ет экспорттау керек болса, өткен жеті айда
біз межелі жоспардың 64,6 пайызын еңсердік.
Жыл соңына дейін осы жоспарды артығымен
орындауға мүмкіндігіміз бар.

Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы жерле-
рін жаңғырту бағытындағы Мемлекет басшы-
сының тапсырмалары аясында тың жобалар
қолға алынып жатыр. 2020 жылдан бастап
Бидайық селолық округіне қарасты «Қарамола»
магистральдық каналын жаңғырту арқылы 1117
гектар суармалы егістік алқабы айналымға
еңгізілмек. Бұл мақсатта республикалық
бюджеттен 480 млн. теңге қаражатқа сұраныс
жасалды. Сонымен қатар, осы жылдың өткен 7
айында негізгі капиталға салынған инвестиция
көлемі 24 млрд. 790,7 млн. теңгені құрап,
межелі жоспар 5 есеге артық орындалды. Өткен
жылдың сәйкес мерзіміндегі көрсеткішіміз 4
млрд. 314 млн. теңге болатын.

- Бәрекелді! Аудан экономикасы тек ау-
ыл шаруашылығына ғана тәуелді емес еке-
ні белгілі. Өңірдегі ірі өнеркәсіптік жоба-
лардың аудан экономикасына тигізіп отыр-
ған оң ықпалы жайында бірер сөз...

- Дұрыс айтасыз, аудан экономикасына

дем беріп, ел ырысын еселеп отырған өнер-
кәсіп саласы екені белгілі. Олардың қатарына
«Жалын» көмір кенішін, «Атасу» мұнай айдау
станциясын және теміржол мекемелерін ерек-
ше атауға болады. Мұның сыртында құрылыс
материалдарын, әртүрлі тұрмыстық заттар
өндіруді қолға алған орта және шағын кәсіп-
керлік нысандары бар.

Өткен 7 айдың қорытындысы бойынша
жалпы өнеркәсіптік өнім көлемі 3 млрд. 404,4
млн. теңгені құрап, 2018 жылдың сәйкес мер-
зімімен салыстырғанда 156,8 пайызға орын-
дапды. Ал, жоспар 167,5 пайызға орындалып
отыр. Аудан өнеркәсібінің өркендеуіне жоға-
рыда атап өткен ауқымды инвестицияның ық-
палы зор болғанын атап өтуге тиіспіз.

- Жаңаарқа ауданы шағын және орта
бизнестің қарқынды дамуымен дараланған
мекен екенін жақсы білеміз. Осы саланың
бүгінгі ахуалы қай деңгейде?

- Иә, Жаңаарқа халқы замана сұранысына
тез бейімделе білді. Нарықтың таудай талабын
шұғыл меңгеріп, шағын және орта бизнестің
шалқыған мекеніне айналды. Қарапайым ха-
лықтың қолайына жағып, өз дәулеттерін де
еселеп отырған кәсіпкерлік нысандарының
саны күн сайын артып келе жатқандығы көңіл
қуантады. Мәселен, 2019 жылы 16 нысанның
ашылуы жоспарланса, осы 7 айда 21 нысан
ашылып, халыққа қызмет көрсетуде. Бүгінгі
таңда аудан бойынша 2407 кәсіпкерлік нысаны
жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ, қатарға жаңадан
қосылған кәсіпкерлік нысандары есебінен осы
жылдың өткен 7 айында ауданның 5245 тұр-
ғыны жұмыспен қамтылғанын ерекше атап
өтуіміз керек.

Ал, шағын бизнес нысандары арқылы
өндірілген өнім көлемі жыл басынан 6 млрд.
755,4 млн. теңгені құрап отыр. Осы орайда,
2019 жылдың алғашқы жартыжылдығының
қорытындысында Жаңаарқа ауданы облыс ау-
дандары мен қалалары арасында шағын жә-
не орта бизнестің даму көрсеткіштерінің 12
параметрі бойынша 1-ші орыннан көрінгенін
мақтанышпен атап өткен абзал деп есептеймін.





ражатыңызға 90 түп қарағай еккен азаматтығыңызды неге айтпасқа?!

С.Сейфуллин атындағы аудандық тарихи-өлкетану музейінің 35 жылдығы осынау мерейлі мерейтойлармен тұспа-тұс келіп, музей залдарына жаңғырту жұмыстары жүргізілді. «Сәкен Сейфуллин өмірі мен шығармашылығы» залында экспозиция толығымен жаңартылды.

Мұның сыртында, қаншама мерекелік, танымды шаралар ұйымдастырылып жатыр. Жыл басында облыстық деңгейде Сәкен Сейфуллин атындағы дәстүрлі әншілер байқауын өткіздік. Ол аз десеңіз, осымен екінші жыл қатарынан «Арқа Аруы» байқауын ұйымдастырдық. Жалпы, осы қос мерейтой аясында мәдениет саласында 1300, білім саласында 220, жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен 15, кітапхана жүйесінде- 55, спорт саласы бойынша 30 шара ұйымдастырылыпты. Соның барлығы Сәкен бабамыз бен аудан мерейтойына арналды.

Айтпақшы, бр мерейтойдың ең басты олжасы - Жаңаарқа өзінің бренд қымызымен Гиннестің рекордтар кітабына енуінде. Той бағдарламасындағы бір сәтте 1000 күбімен 10000 литр қымыз пісу шарасы Жаңаарқаның даңқын алты құрлыққа танытады деп отырмыз.

- Қос мерейтойдың қайсысына басымдық беріп отырсыздар?

- Жаңаарқа мен Сәкен - егіз ұғым. Екеуін бір-бірінен бөле-жарып қарауға мүлде болмайды. Жаңаарқа - Сәкен сынды қыранның тұғыры, алтын ұясы. Ал, аудан атауын Жаңрқа деп өзгерткен-Сәкен...

Рахмет! Мерейтой бағдарламасында ауқымды шаралар қамтылған екен. Шығынын кім көтеріп жатыр?

- Мерейтой шығындарына аудандық бюджеттен бір тиын бөлінген жоқ. Ауданның Атымтай Жомарт азаматтары, осы өңірдің

көшелерінің жолдары асфальтталып, кенттен шыға берістегі айналма жолды жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Аудан орталығындағы көшелер жарықтандырылып, «Ертөстік», «Балдырған» балабақшалары мен көпқабатты тұрғын үйлерді жылытатын төрт қазандыққа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

- «Той атымен тон тігіледі» дейді атам қазақ. Бірер күнде Жаңаарқа жерінде қазақ сахарасына сауын айтқан қос мерейтойдың түндігі түріледі. Тойдан қалатын тобықтай игілік бар ма?

- Әрине, той ас ішіп, аяқ босату деңгейінен аспайтын даңғаза болса, оны ұйымдастырып, оған шығындандудың қажеті не?! Әрбір мерейтойдың тәрбиелік-тағылымдық мәнімен қатар, ел игілігіне жарайтын ауқымды жобалары болу керек. Бұл сұрағыңызды «Жоғарыда баяндалған көшелі көрсеткіштеріміздің барлығы - осы мерейтойға тарту» деген мазмұндағы келте жауаппен түйіндей салуға болар еді. Бірақ, ол олай емес. Атқарылған, алдағы уақытта атқарылуға тиісті шаруалардың барлығы - біздің қызметтік функциямыз. Ал, той тәбәрігі - бөлек әңгіме.


Әуелі «90 жылдыққа-90 игі іс» бастамасын көтердік. Әлеуетті кәсіпкерлер мен жекелеген азаматтар тарапынан бұл бастама қызу қолдау тапты. Ауданның сыртта жүрген азаматтары атсалысты. Алғашқылардың бірі болып Алсай баба ұрпақтары үлкен сый жасады. Аудан орталығындағы «Мәңгілік Ел» аллеясының бір жақ бөлігін абаттандырып, сол жерге бесік тербеткен ананың мүсінін орнатты. Сондай-ақ, Тоқа руының ұрпақтары Сәкен Сейфуллин атындағы жаңа саябақтың құрылысын қолға алды. Ақтау, Ералиев, С.Сейфуллин селолық округтерінің тұрғындары өз қаражаттарына ауыл қақпасын (арка) орнатты. М.Жұмажанов ауылының тұрғындары да өз күштерімен ауыл саябағының ашылуына мұрындық болды. «Туған жерге ту тігіп», аудан мерейтойына тамаша тарту жасаған азаматтардың қатарында өзіңіз де бар емессіз бе?! Сіздің өз қа-

Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Жезқазған секілді қалаларда қызметте жүрген тумалары ел намысы деген патриоттық сезіммен той эзірлігіне ерте бастан-ақ кірісіп кеткен. Өндіріс орындары мен бюджеттік сала қызметкерлері бір күндік жалақыларын ерікті түрде аударып, елдегі тойға елеулі үлес қосты.

Аламан бәйгенің бас жүлдесіне «Nissan Terrano» автокөлігін «Бірлік» шаруа қожалығының жетекшісі Қуат Ахметов, топ жарыстың бас бәйгесіне «Гранта» автокөлігін ауданның қадірлі ақсакалы Икен Ақылбеков, қазақша күрестің 74 келі салмақ дәрежесіндегі бас жүлдесіне «Гранта» автокөлігін «Жанболат» шаруа қожалығының жетекшісі Малдыбай Сүлейменов, түйе палуанға тиесілі тағы бір автокөлікті Нұрлан Ахметов бауырымыз тігіп отыр. Той шығынына қомақты үлес қосып отырған демеушілер легін белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімов ағамыздың бастап тұрғанын қалай айтпасқа?! 5 миллион теңгенің 715 тонна көмірін тегін берген «Saryarga Energy» ЖШС (атқарушы директоры Нұрлан Жүнісов, директоры Сергей Уси»), қомақты демеушілік көрсеткен «KazZINC» ЖШС (директоры Сергей Бартош), «Алатау Тұмар» ЖШС (директоры Аида Дөненбаева), «АТАҰҰРТ» ЖШС (директоры Қанат Қосдәулетов), «INNSAAT инжиниринг» құрылыс фирмасы, фермерлер Қайрат Көпбаев, Жанболат Жуанышбаев, Бейбіт Жетпісбаев, кәсіпкерлер Нұрсұлтан Қасымбеков, Серік Тойымбаев, Батырхан Дүйсенбаев, Бағлан Салжанов, Айдар Бекков, Серік Базарбеков, Бағдат Бекежанова, «Жеңіс» АҚ бас директоры Кәдірбек Мейрамбеков, қарағандылық жерлестеріміз Қазкен Мүсілімов, Әбіл Қалиақпаров, Айдос Сәтжанов, алматылық Жаңабай Сәтжан сынды жүрегі жомарт азаматтарға алғысымыз шексіз.

- Тамаша! Сүбелі сұхбатыңыз үшін рахмет! Мерейтой құтты болсын!

Сұхбаттасқан Еркін МҰСАБЕК.



Орталық Қазақстан, 2019.-12 қыркүйек (№100).-5 б.